

# Қазақстандағы орта білім: сапа мен қолжетімділік жолында

Астана, 2024

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ: САПА МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖОЛЫНДА

Материалды дайындаған:

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері  
Редакторлар: М.С. Сапиева, Г.А. Ногайбаева, А.С. Ақтанова

Астана, 2024

## МАЗМҰНЫ

- 1 Білім беру мазмұнын жетілдіру
- 2 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
- 3 Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі
- 4 Инклюзивті білім беру: сын-тегеуріндер мен перспективалар
- 5 Ауыл мектептерін қолдау
- 6 Цифрландыру және қашықтықтан оқытуды дамыту
- 7 «МАМАН» бағдарламасы: мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысы

**Қ**азақстан Республикасында білім беру адами капиталды қалыптастыруда және қоғамның тұрақты дамуында шешуші рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесі оның сапасын арттыруға, тәрбие рөлін күшейтуге және жаңа әлемдік стандарттарға бейімделуге бағытталған елеулі өзгерістерге ұшырады.

Жүргізіліп жатқан білім беру реформалары отандық білім беру сапасына оң әсер еткені байқалады, бұл еліміздің халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерінен көрінеді. Мәселен, PISA-2022 қорытындысында жаратылыстану сауаттылығы бойынша 15 жастағы қазақстандықтардың көрсеткіші 2018 жылмен салыстырғанда жақсарды. Сонымен қатар, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша қалалық және ауылдық білім алушылардың нәтижелері арасындағы алшақтық қысқарды.

Білім беру реформалары Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығы) және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы) сияқты стратегиялық құжаттармен сондай-ақ, зерттеу нәтижелерімен реттеледі.



# 1

## Білім беру мазмұнын жетілдіру

Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жетілдіру мемлекеттік саясат шеңберіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл күш-жігер оқыту сапасын арттыруға, өңірлер арасындағы білім алушылардың білім жетістіктеріндегі алшақтықты жоюға және білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға бейімдеуге бағытталған. Білім беру бастамалары Мемлекет басшысының орта білім беруді жаңғырту туралы тапсырмаларына және Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының ережелеріне сәйкес іске асырылады.

Жұмыстың маңызды бағыттарының бірі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын (МЖМБС) жаңарту және білім беруді дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған Жол картасында (2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрық) бекітілген жаңа үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) әзірлеу болып табылады.

Орта білім беру жүйесі бірқатар сын-тегеурінге ұшырады, олардың қатарында қалалық және ауылдық мектептердегі білім алушылардың білім жетістіктерінің деңгейі арасындағы алшақтық, функционалдық сауаттылықтың төмен көрсеткіштері мен педагогтердің кәсіби дамуын өзектендіру мәселелері болды. Сонымен қатар, тәрбие компоненттерін білім беру процесіне кіріктіруге жеткіліксіз көңіл бөлінеді. Мектептердің инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі маңызды мәселе болып қала береді, бұл білім алушылар үшін қолайлы орта құруды қиындатады.

Осы проблемаларды еңсеру үшін бірқатар бастамалар енгізілуде. Ең алдымен, бұл қазіргі заманғы әлемдік трендтерді ескере отырып, МЖМБС мазмұнын қайта қарау және білім алушылардың бойында құндылықтарды, сыни ойлауды, цифрлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеу. МЖМБС әзірлеу, сынақтан өткізу және талқылау үшін ғалымдарды, педагогтер мен әдіскерлерді құрайтын жұмыс топтары құрылды. Пилоттық мектептер шеңберінде ҮОБ-лары сынақтан өткізіледі, оның нәтижесі талданады және пысықталады.

Орта білім беруді одан әрі жетілдіру үшін, ең алдымен: құндылық, құзыреттілік және конструктивтік тәсілдерді интеграциялауға негізделген жаңартылған білім беру стандартын енгізу және оны енгізуге мониторингтік зерттеулер жүргізу; «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру арқылы ұлттық құндылықтар мен тәрбиелік контентті интеграциялау; білім алушыларды ерте әлеуметтендіру, кәсіптік бағдарлау және жоғары сыныпта жоғары деңгейдегі бастапқы кәсіби біліктілік алу; білім берудің инклюзивтілігін күшейту, сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ оқыту мен бағалау тәсілдерін жетілдіру. Тағы бір маңы-



зды бағыт -мектептердің инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде оларды қажетті жабдықтармен жабдықтау және жайлы білім беру ортасын құру.

Осылайша, бұл шараларды іске асыру Қазақстанды өңірлер арасындағы алшақтықты жоюға, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және 21 ғасырдың сын-тегеурініне дайын бәсекеге қабілетті түлектерді дайындауға мүмкіндік беретін сапалы білім беру жүйесімен қамтамасыз етеді.

## 2

## «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы



Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әзірледі. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының 2024 жылғы 15 наурыздағы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында



берген тапсырмасын орындау мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы үйлесімді тұлғаны дамытуға және ұлт бейнесін айқындайтын негізгі құндылықтардың 6 тобын кіріктіруге бағытталған құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдеріне негізделген.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер: адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, әлеуметтік белсенділіктің артуы, креативті ойлауды, білім алушылардың азаматтық жауапкершілігі мен командалық жұмыс дағдыларын дамыту; педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру; ата-аналарды білім беру процесіне тарту.

Бағдарламаны білім беру ұйымдарына енгізу үшін білім берудің барлық деңгейлеріне арналған оқыту семинарлары мен ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Бағдарлама тәрбие жұмысын оқу процесіне кіріктіруге бағытталған әртүрлі кезеңдегі (күнделікті, ай сайынғы және жыл сайынғы) 77 іс-шараны (33/34 сынып сағаты және 6 жоба) қамтиды. Бағдарламада білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар арқылы ата-аналар мен педагогтердің жүйелі өзара іс-қимылына ерекше көңіл бөлінген.

2024 жылы каскадты оқыту әдісімен 300 мыңнан астам тыңдаушы, оның ішінде директорлар, директорлардың орынбасарлары мен педагогтер қамтылды.



*Педагогтерді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен қамту*

Алдағы уақытта бағдарламаны іске асыру мен тәрбие жұмысының тиімділігіне іргелі зерттеулер мен мониторинг жүргізу жоспарлануда.



# 3

## Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі

Қазақстан Республикасының білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі – білім беру сапасын мониторингілеу және бағалау жүйесін жетілдіру. Осы стратегия шеңберінде бағалау жүйесінің институционалдық, әдіснамалық және ұйымдастырушылық негіздерін нығайту үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстанда оқыту сапасының мониторингі 2005 жылы мемлекеттік аралық бақылауды (МАН) енгізуден басталды, ол 2012 жылы оқу жетістіктерін сыртқы бағалау (ОЖСБ) болып өзгертілді.


2022 жылдан бастап елімізде білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту контекстінде **тәуелсіз сыртқы бағалаудың жаңа құралы – білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ)** енгізілді. ББЖМ жыл сайын 4 және 9-сыныптарда өткізіледі және білім алушылардың білім сапасының МЖМБС-қа сәйкестігін бағалауға және білім беру процесіне қатысушыларға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Мониторинг сауаттылықтың үш бағыты бойынша тестілеуді қамтиды: оқу, математикалық және жаратылыстану. Тестілеудің әр бағыты бойынша тапсырмалар күрделі үш деңгейіге бөлінеді: қарапайым, орта және жоғары. Сондай-ақ, мониторингте білім алушылардың, педагогтер мен мектеп басшыларының сауалнамасы қоса жүреді, бұл білім беру процесінің ерекшеліктері мен оның қиындықтары туралы сапалы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Мониторинг қорытындысы бойынша кешенді талдау жүргізіледі, ұлттық есеп дайындалды және әрбір өңір үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленеді.

ББЖМ өткізілген екі жыл ішінде еліміз мектептерінің 50%-ы қатысты. Нәтижелерді талдау бірқатар факторларды ескере отырып жүргізілді: аумақтық сипаты (қала/ауыл), оқыту тілі (қазақ/орыс), білім беру ұйымдарының түрі (жалпы білім беретін мектеп, мамандандырылған немесе шағын жинақты мектеп).

Білім алушылар **оқу сауаттылығының** қарапайым деңгейінің тапсырмалары бойынша жоғары нәтиже көрсетіп келеді, бірақ мәтін құрылымын, негізгі ойды, жасырын детальдар мен қайшылықтарды анықтауда қиындықтарға тап болады. PIRLS-2021 қатысушыларының тек 4%-ы ғана түсіндіруді және сыни бағалауды қажет ететін жоғары деңгейге жетті, ал көпшілігі негізгі дағдылармен шектелген орта және төменгі деңгейлерде қалды.

**Математикалық сауаттылық** бойынша қиындықтар білімді нақты контексте қолдануға, бөлімдерді кіріктіруге, күрделі ұғымдарды түсінуге, модельдермен




*Сән тестілеу бағыттары БЖМ-2023*

және формулалармен жұмыс істеуге байланысты. Геометрия, статистика және модельдеудегі проблемалар қазақстандық оқушылардың ЭЫДҰ елдеріндегі құрдастарынан артта қалғанын PISA нәтижелері растады.

**Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтан**, әсіресе, күрделілігі орташа және жоғары тапсырмалар бойынша да төмен. Тоғызыншы сынып оқушылары құбылыстарды түсіндіруде және зерттеу дағдыларын қолдануда қиындықтарға тап болады. Төртінші сынып оқушылары «Заттардың түрлері», «Ауа», «Су» тақырыптарын зерделеу кезінде қиындықтарға тап болады, бұл одан әрі оқуда көрінеді.

**Мониторингтен кейінгі жұмыс** тиісті атаулы көмек көрсету мақсатында қосымша әдістемелік қолдау қажеттілігі бар мектептерді анықтауға бағытталған.



*ББЖМ-2023 бастауыш және негізгі мектепте орындалуы қиын тақырыптар атап өтілді*



*ББЖМ-2023 ең көп қиындық тудырған тақырыптар*

Атап айтқанда, осы мектептердің педагогтері мен басшыларына оқу бағдарламасындағы «қиындық тудырған» тақырыптар мен бөлімдер бойынша қосымша біліктілікті арттыру жүргізіледі, педагогикалық ұжым мен білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау үшін әдіснамалық көмек көрсетіледі.

Барлық балалар үшін, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін сапалы білім алуға мүмкіндіктер мен қолжетімділіктің теңдігін қамтама-

# 4

## Инклюзивтік білім беру: сын-тегеуріндер мен перспективалар

сыз ету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. 2021 жылғы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)», «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ұғымдарының жаңа анықтамалары енгізілді, ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалардың үш тобы айқындалды. Бұл өзгерістер инклюзияның медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық модельге көшкенін көрсетеді, мұнда назар баланың диагнозынан оның білімге қажеттіліктеріне ауысады.

Сонымен қатар, ЕБҚ балалар санының жыл сайынғы өсуі әрбір баланың сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету және қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын құру қажеттілігін туғызады.

2021 жылы жүргізілген зерттеулер көптеген педагогтердің инклюзивті практиканы жүзеге асыруға және ЕБҚ бар балаларға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге дайындығымен байланысты проблемаларды анықтады. Бұл сонымен қатар әртүрлі қиындықтарға тап болған балалармен жұмыс істеу үшін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету керек екенін және олардың біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтауға мүмкіндік берді.

Осы мәселелерді шешу үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, үздіксіз психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету және ЕБҚ бар балалар үшін кәсіптік бағдарлау сияқты өзекті инклюзия мәселелері бойынша зерттеулер жүргізіледі. Осы зерттеулердің негізінде Академия НҚА-ға өзгерістер енгізуді ұсынды, үздіксіз сүйемелдеу моделін, сондай-ақ инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеу үшін педагогтарды даярлау мәселелері бойынша ұжымдық монография әзірледі, білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындауда барлық стейкхолдерлердің іс-қимылын үйлестіретін жүйелі тетіктерді ұсынды.

ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы бұйрығымен білім алушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін бағалау қағидалары, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру қағидалары бекітілді. НҚА деректеріне сәйкес барлық ұйымдарда әлеуметтік педагогтер, логопедтер, психологтар жұмыс істейтін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтері құрылды. Инклюзивті білім беру жағдайында сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін үш деңгейлі психологиялық-педагогикалық қолдау енгізілді,

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалар

- 1 Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары** (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар балалар.
- 2 Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері** (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар) бар балалар
- 3 Даму мүмкіндіктері шектеулі** (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) балалар

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ұсынған анықтамаға сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалар

- 1 Психофизикалық даму бұзушылықтары бар балалар:** есту, көру, зияты, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген және эмоциялық-ерік бұзушылықтары бар балалар
- 2 Оқу қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар.** Ерекше қиындықтар зияты зақымдалмаған балаларда байқалады, жеке оқу дағдыларын игеруде көрінеді: жазу, оқу немесе санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.).
- 3 Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени және т.б. себептерге байланысты ерекше білім берілуіне қажеттіліктері туындайтын балалар.** Бұл топқа аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар немесе әлеуметтік тәуекел тобындағы отбасылар (маскүнем, нашақор және т.б. ата-ана) тәрбиелеуге және дамытуға тиісті назар аудармайтын балалар, сондай-ақ жергілікті қоғамға бейімделу қиындықтары бар балалар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқыту тілін нашар түсінетін не ол тілде сөйлемейтін балалар жатады

ол балаға сыныптан бастап және сырттан қажетті мамандарды тартқанға дейін көмек көрсетеді.

Ғылыми негізделген модельдер мен нормативтік актілерді әзірлеу және енгізу нәтижесінде Қазақстан инклюзивті білім беру саясатын табысты іске асыруға ықпал ететін барлық адамдар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге белсенді қадамдар жасауда..



Оқуда қиындықтары бар баланы қолдаудың 3 деңгейлі моделі

# 5 Ауыл мектептерін қолдау

Ұлттық білім беру стратегиясы аясында мемлекет ауылдық мектептерде білім беру сапасын жақсарту міндетін қойды. **ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы** қала мен ауылдық жерлер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайтуға баса назар аударады. Бұл проблема, әсіресе, техникалық жабдықтау, білім беру ресурстарына қолжетімділік, цифрлық технологиялар мен педагог кадрлардың деңгейі сияқты салаларда өткір көрінеді. Ауылдық мектептерде нақты ғылымдар, ағылшын тілі бойынша мұғалімдердің жетіспеушілігі, сондай-ақ білім беру процесінің сапасына айтарлықтай әсер ететін заманауи технологияларға қол жетімділіктің шектеулі болуы жиі кездеседі.

Осы мәселелерді шешуде ауылдық мектептердегі білім беру жағдайларын жақсартуға бағытталған **«Microsoft Kazakhstan»** жобасын іске асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты – сапалы және қала мектептеріне тең деңгейдегі білім беру арқылы қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын азайту.

Жоба тірек және магнитті мектептерді құруды, сондай-ақ цифрлық платформалар және құралдармен жұмыс жүргізуде педагогтер мен ІТ мамандарды оқитуды қамтиды. 2023-2024 оқу жылында Жобаға **8** тірек және **17** магнитті мектеп таңдалды, онда тренингтер өткізіліп, заманауи цифрлық технологиялар енгізілуде. Білім беру процесін цифрландыру ғана емес, сонымен қатар ауыл мектептері

Ауылдық және шағын жинақты мектеп педагогтері қолдауға бағытталған ауқымды пилоттық жоба




**I кезең** – 2023 жылғы 1 қыркүйек (15 мектеп, 7 аудан)  
**II кезең** – 2023 жылғы 1 желтоқсан (14 мектеп, 6 аудан)  
**III кезең** – 2024 жылғы 1 наурыз (11 мектеп, 5 аудан)



III кезең педагогтеріне сертификаттар табыстырылды

педагогтерінің цифрлық сауаттылығын арттыру да маңызды міндет. Бұл білім беру сапасын жақсартуға және қала мен ауыл оқушылары арасындағы үлгерімдегі алшақтықты азайтуға да ықпал етеді.

Алтынсарин академиясы пилоттық жобаны іске асыруға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетіп, ауыл мектептері білім алушыларының білімдегі алшақтықта кейіндеп қалу себептерін анықтауға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізеді. Бұл ауыл мектептерінің алдында тұрған қиындықтарды тереңірек түсінуге және жағдайды жақсартуда тиімдірек шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.



«Microsoft Kazakhstan» жобасы оң нәтижелер көрсетуде. Қашықтан оқытудың цифрлық платформаларын енгізу ауылдық мектеп оқушылары үшін әсіресе, ресурстары шектеулі және интернет жылдамдығының төмен жағдайында сапалы білім алуға қолжетімділікті едәуір жақсартты. Сонымен қатар, жоба мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етті және олардың цифрлық сауаттылықты арттыру үшін оқыту курстары мен құралдарына қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

2024 жылы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен Ақтөбе облысында «**Цифрлық технологияларды қолданып шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту**» жобасы іске асырылды. Жоба қала мен ауыл мектептері арасындағы сапалы білімге қол жеткізудегі теңсіздікті жоюға және қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды қамтамасыз етуге бағытталған (ҚР ОАМ 2023 жылғы 27 қарашадағы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы №349 бұйрығы).

Ауыл және қала мектептері арасындағы білімдегі алшақтықпен қатар (*PISA-2022 нәтижелері бойынша қазақстандық балалардың 64%-ы оқу сауаттылығының базалық деңгейіне жете алмайды*), Жобаны іске асыруда шағын жи-

нақты ауыл мектептерінде қашықтан оқытуды қамтамасыз етудегі проблемалары анықталды. Бұл – кадрлық қамтамасыз етудің әлсіздігі, педагогтердің цифрлық дағдыларын дамытудың төмен деңгейі, материалдық-техникалық база мен цифрлық инфрақұрылымның жетіспеушілігі.

Алтынсарин академиясының ғалымдары интернетке қолжетімділік деңгейі мен педагогтердің біліктілігін ескере отырып, оқытудың 4 моделін әзірледі. Жобаны сүйемелдеуде ауыл мектептерінің педагогтеріне онлайн-оқытуды ұйымдастыруда әдістемелік құрал және біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Жобаны іске асыру барысында ШЖМ-да 121 сабаққа бақылау жүргізілді: «Стриминг» моделі бойынша 44 сабақ және цифрлық шешімдерді пайдаланып өткізілген 77 сабақ талданды. Бұндағы негізгі мақсат – оқыту әдістері мен тәсілдерін, цифрлық ресурстарды пайдалану және білім алушылардың белсенділігін бағалау. Цифрлық технологияларды енгізу тиімді оқытуды ұйымдастыруға, ресурстарға қолжетімділікті жақсартуға және мұғалімдерге жүктемені азайтуға көмектесті.



**134 шағын жинақты мектеп  
+ 12 тірек мектеп**

#### 4 ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МОДЕЛЬДЕРІ:

**01**

**Стримингтік оқыту**  
Оқу материалдары мен сабақтар нақты уақыт режимінде жүргізіледі

**02**

**Нақты уақыт режимінде тірек мектептен ШЖМ-ға Онлайн сабақ (12 ТМ – 36 ШЖМ)**

**03**

**ШЖМ-да цифрлық шешімдер мен интернетті пайдаланып Офлайн сабақ жүргізу**

**04**

**Интернетсіз цифрлық шешімдерді қолданып, ШЖМ-да Офлайн сабақтарды өткізу**

Алдағы уақытта шағын жинақты мектептерде білім беру сапасын қамтамасыз ету, педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту, ШЖМ инфрақұрылымын жақсарту, сондай-ақ тірек және магнитті мектептер арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуда осы пилоттық жобаны масштабтау жоспарлануда.

Алдағы уақытта ауыл мектептерін қолдау, білім беруді цифрлық трансформациялау стратегиялары шеңберінде дамуын жалғастырады. «Microsoft»-пен ынты-

мақтастық сынды жобалар елдің басқа өңірлеріне таратылып, ауылдық жерлерде білім беру сапасын жақсартуға өзіндік үлесін қосады деген ойдамыз. Барлық мектептер үшін, олардың орналасқан жеріне қарамастан, білім беру ресурстары мен **цифрлық технологияларға тең қолжетімділікті** қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру маңызды қадам. Ауыл мектептері қажеттіліктеріне бейімделе алатын



мобильді білім беру платформаларын дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект пен виртуалды сыныптарды пайдалануды қоса алғанда, оқытудың жаңа әдістерін енгізу ауылдық жерлерде білім беру сапасын жақсартуға қосымша мүмкіндіктер ашады.



# 6

## Цифрландыру және қашықтықтан оқытуды дамыту

Мектептердің білім беру процесіне цифрлық технологиялар мен ЖИ-ды интеграциялаудың стратегиялық негізі – Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын және жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру.

Балалар мен педагогтер арасында цифрлық мәдениеттің төмен деңгейі, сондай-ақ білім алушылардың интернет-белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлер Қазақстан үшін негізгі сын-тегеуріндер болып қала береді. Балалардың киберқауіпсіздігін зерттеуге сәйкес, желідегі балалардың негізгі әрекеттері видеолар мен мемдерді көру (62%), онлайн ойындар (59%), фильмдер мен телехикаяларды көру (52%), достарымен сөйлесу (53%) болып отыр. Балалардың тек 39%-ы интернетті оқуға дайындалу үшін пайдаланады, ал ақпарат іздеу, жаңалықтар мен мақалаларды оқу одан да аз уақытты алады. Қазақстандық сегізінші сынып оқушыларының жартысынан көбі компьютерлік сауаттылықта қиындықтарға тап болады (ICILS 2018). Сонымен қатар, білім алушылардың цифрлық құрылғыларды қалыпты пайдалануы білім беру нәтижелеріне оң әсер етеді (PISA 2022).

Осы сын-тегеуріндерге жауап ретінде «Hello, Kazakhstan! – менің алғашқы кодым» жобасын іске қосылды, бұл – тек білім беру бастамасы ғана емес, сонымен қатар цифрлық мәдениетті қалыптастыруға арналған алаң. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру, оларға киберқауіпсіздік негіздерін үйрету және заманауи IT-мамандықтарымен таныстыру.

Сондай-ақ, цифрлық алшақтықты жоюға, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және киберқауіпсіздік негіздерін оқытуға бағытталған «Цифрлық ауыл мектебі» жобасы іске асырылуда. Алтынсарин академиясы қазақстандық контекстке бейімделген үлкен көлемді ұлттық тіл моделін (LLM) оқыту үшін материалдар ұсынды. Олар елдің білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне сәйкес келетін ЖИ-шешімдерін жасауға ықпал ететін тілдік, мәдени және білім беру ерекшеліктерін ескереді.

ЖИ-ды тиімді енгізу үшін оны білім беру практикасында қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Педагогтердің біліктілігін арттыру шеңберінде оқыту мастер-класстары өткізіледі, онда күнделікті міндеттерді автоматтандыру, оқытуды дербестендіру және білім беру нәтижелерін талдау үшін ЖИ-ды қолданудың практикалық мысалдары көрсетіледі.



Пандемия қашықтықтан оқыту форматының дамуына себеп болды. Қазіргі уақытта мектептердің 76%-ы оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланады.

Жетекші қазақстандық IT-компаниялардың қатысуының арқасында әртүрлі жастағы балаларға бағытталған тегін курстар әзірленді. Курстарға бағдарламалау негіздері, робототехника және басқа да сұранысқа ие бағыттар бойынша интерактивті сабақтар кіреді. Жобаны жүзеге асыру балаларға цифрлық экономика жағдайында табысты мансапқа дайындалуға және цифрлық теңсіздік мәселелерін шешуге көмектеседі.

# 7

## «МАМАН» бағдарламасы: мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы

Мемлекет басшысының жастарды ерте кәсіптік бағдарлау жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде *(Ел Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауының 45-тармағы)* 2024 жылы Алтынсарин Академиясы базасында адами капиталды кәсіптік бағдарлау және дамыту орталығы құрылды. Оны құрудың мақсаты – жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша қоғамның қажеттіліктері мен білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтардың өсуі жағдайында мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету *(ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек ресурстарын дамыту орталығының 2023 жылғы Ұлттық баяндамасы: жұмысқа орналастырылған түлектердің 21%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді)*.


Бүгінгі таңда мектептерді бітіруші түлектер (9-11-сыныптар) ұсынылған мамандықтар туралы толық ақпарат алуға, жеке дағдыларға, қабілеттерге және қалауына сәйкес мамандық таңдау бойынша тәжірибелік көмекке мұқтаж.

2024 жылы 17 өңірдің және Алматы, Астана және Шымкент қалаларының 200 мектебінде кәсіптік бағдар беру мониторингі жүргізілді. Сондай-ақ, Орталықтың сайты іске қосылып, 20 өңірлік куратор тағайындалды. Кәсіби бағдарлаудың бірыңғай жүйесін енгізуге арналған «МАМАН» халықаралық конференциясын өткізу маңызды қадам болды.

Мониторинг көрсеткендей, кәсіптік бағдар беруші педагогтердің 56%-ы біліктілігін арттыруды қажет етеді, мектептердің 88%-нда кәсіптік бағдар беру кабинеттері жоқ, ал оқушылардың 81%-ы өз қабілеттерін анықтау үшін диагностикалық құралдарды пайдаланбаған. 4-сынып оқушыларының тек 20%-ы кәсіптік бағдар берумен таныс, тоғызыншы сынып оқушыларының 49%-ы кәсіптік бағдар беру іс-шараларына қатыспаған, ал он бірінші сынып оқушыларының 31%-ы кәсіпті ата-аналарының ықпалымен таңдайды. Бұл ретте ата-аналардың 64%-ы мектептегі кәсіптік бағдар беру іс-шаралары туралы білмейді.

Осы проблемаларды шешу үшін мынадай бастамалар іске асырылады: «МАМАН» ұлттық бағдарламасы, 1-ші сыныптан 11-ші сыныпқа дейін кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыру моделі, педагог-кәсіптік бағдарлаушыларға арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы, ЖОО-ға арналған minor-бағдарлама әзірленді; диагностикалық құралдарды әзірлеу, бейімдеу және валидациялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының бірыңғай ұлттық жүйесін құру жастарға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетуді, білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар



беру жұмысының сапасын және «МАМАН» бағдарламасын тиімді енгізуді қамтамасыз етеді, сапалы кәсіптік білімге қол жеткізу бойынша негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін кәсіптік бағдар беруді дамыту үрдістерін айқындайды.

Сонымен қатар, жастарға кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету мақсатында қазіргі уақытта орта білім беру жүйесіндегі білім алушылардың 81,1% - ы қосымша біліммен қамтылған, оның ішінде 46,5% - ы аз қамтылған отбасы, 41,5% - ы көп балалы отбасынан шыққан балалар.

Осылайша, қазақстандық орта білім беру жүйесі сапаны жақсартуға және бар проблемаларды жоюға бағытталған қайта құру кезеңінен өтуде. Білім беру стандарттарының мазмұнын жаңарту, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу, цифрлық технологиялар мен инклюзивті практиканы дамыту сияқты стратегиялық бастамаларды іске асыру заманауи, бәсекеге қабілетті білім беру ортасын құруға бағытталған қозғалысты көрсетеді. Бұл шаралар білім беру мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар XXI ғасырдың сын-қатерлеріне дайын түлектерді даярлау үшін негіз қалыптастырады.

Бұл жағдайда жұмыс одан әрі жалғасы үшін жүйелі тәсілді және орта білім беру бастамаларын іске асырудың тұрақты мониторингін талап етеді. МЖМБС-ты өзектендіру және өскелең ұрпақты тәрбиелеу, сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім алушылардың бейіні мен кәсіби өзін-өзі анықтауы, инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ педагогтердің кәсіби дамуы орта білім берудің мемлекеттік білім беру саясаты саласында түйінді болып қала береді. Осы міндеттерді орындау қазақстандық білім беруді табысты дамытудың кепілі болады және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосады.